

## **МЕМОРАНДУМ**

Ақмола облысы білім басқармасының «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» МКҚК, оның басшысы Мулдашева Багдашкан Кадыржановна, бір жағынан және Абалай облысы білім басқармасының «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК, оның басшысы Минаева Назигуль Тлеугазыевна, екінші жағынан, ары қарай «Тараптар» деп аталып, білім беру үйымдары арасындағы ынтымақтастық жөнінде төмендегілер туралы осы Меморандумға қол қойылды.

### **1. Шарттың нысаны**

Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу, жоғары білікті мамандарды даярлау, педагог қызметкерлердің біліктілігін үздіксіз арттыру, кәсіптік білім мен ғылымды интеграциялау Меморандумның нысаны болып табылады.

### **2. Үнтымақтастықтың негізгі бағыттары**

2.1 Тараптар ынтымақтастығының негізгі бағыттары:

2.1.1 оку әдебиеттерін, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу және алмасу, бірлескен ғылыми монографияларды, ғылыми-әдістемелік басылымдарды, ғылыми-танымал басылымдарды, мақалаларды және т.б. дайындау;

2.1.2 ғылыми жұмыстар мен әдістемелік материалдарды рецензиялау;

2.1.3 тараптардың әдістемелік әзірлемелері, оқу бағдарламалары, жарияланымдары туралы ақпаратты таратуға жәрдемдесу;

2.1.4 оқытушылық қызметті жүзеге асыру, дәрістер оқу, олимпиадаларды, форумдарды, конференцияларды үйымдастыру және өткізу, оқыту іс-шараларын, хакатондарды, митаптарды өткізу, өзара қызығушылық тудыратын бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында білім беру және ғылыми бағдарламалар шеңберінде мамандармен ақадемиялық алмасу;

2.1.5 теориялық және практикалық білім терендету, практикадан өту үшін қажетті жағдайлар жасау;

2.1.6 білім беру технологияларын пайдалану тәжірибесімен алмасу;

2.1.7 бірлескен ғылыми және білім беру бағдарламаларының, жобалардың өзара қызығушылығы болған кезде іске асыру;

2.1.8 тараптар қызметінің өзекті бағыттары бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық және өзге де жұмыстар, оның ішінде білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерді шешуді ғылыми қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізу;

2.1.9 студенттерді іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарату;

2.1.10 студенттер мен мамандарды даярлау, кайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша бірлескен жобаларды, курстарды, семинарларды іске асыру;

2.1.13 бірлескен ғылыми-практикалық және ғылыми-әдістемелік симпозиумдар, конференциялар және басқа да іс-шараларды үйымдастыру және өткізу.

### **3. Тараптардың міндеттемелері**

#### **3.1 Тараптар өздеріне келесі міндеттемелерді алады:**

3.1.1 Осы Меморандумды орындау үшін жасалған жекелеген шарттарда көзделген тәртіпен, мөлшерде және тәсілдермен бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесуге; бірлескен жобаларды іске асыру үшін қажетті занды және нақты іс-әрекеттерді уақытылы және толық көлемде орындауга міндетті.

3.1.2 заннаманы сактау отырып, олардың иелігіндегі ақпараттық ресурстармен алмасу.

3.1.3 ынтымақтастық бағыттарын іске асыруға байланысты мәселелерді жүйелі түрде талқылау.

3.1.4 осы Меморандумды іске асыру процесінде туындаитын проблемаларды қарау, олар бойынша келісілген шешімдер қабылдау.

### **4. Қорытынды ережелер**

4.1 Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың нақты нысандары қызметтің барлық аспектілері бойынша Тараптардың тілектерін ескеретін жекелеген шарттармен немесе келісімдермен келісіледі.

4.2 осы Меморандум Тараптардың өзара қаржылық шарттарының жасалды. Қаржылық шарттар Тараптар арасында қосымша жасалатын шарттарда келісіледі.

4.3 осы Меморандумды іске асыру шенберінде Тараптар зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорқауды қамтамасыз етеді.

4.4 осы Меморандумның талаптарына кез келген өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен рәсімделеді және оларға екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

4.5 осы Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап 5 жыл бойы қолданылары.

4.6 осы Меморандум бірдей занды күштің екі данасында жасалды және Тараптардың әрқайсысында бір данадан сақталады.

<b>Білім беру үйімі:</b>	<b>Білім беру үйімі:</b>
<p>Ақмола облысы білім басқармасының «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» МКҚК Қазақстан Республикасы 031100, Ақтөбе облысы Хромтау қаласы, Есет Батыр к-сі, 9 үй Тел/факс 8 (71336) 2 10 46; 2 51 50 e-mail: khromtau_hgtk@mail.ru <a href="http://khromtau_hgtk.edu.kz/ru/">http://khromtau_hgtk.edu.kz/ru/</a></p> <p></p>	<p>Абай облысы білім басқармасының «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК Қазақстан Республикасы 071400, Абай облысы, Семей қаласы, Карменов к-сі 11 «В» үй Тел. 8 (7222) 31-36-88, 8 (7222) 31-39-12 e-mail: <a href="mailto:college@sgrk.kzt">college@sgrk.kzt</a>, <a href="mailto:sgrk@mail.ru">sgrk@mail.ru</a> сайт: <a href="http://sgrk.edu.kz">sgrk.edu.kz</a></p> <p></p>

Мулдашева Б.К.

Минаева Н.Т.